

Жұмсақ бидай дақылдарының паразит зиянкестерімен күресу шаралары



Зерттеу жұмысының мақсаты

Жұмсақ бидай түрлерінің паразит зиянкестерінің биологиялық ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде олармен күресу шараларын анықтау

Зерттеу жұмысының міндеттері


1. Жұмсақ бидай түрлерінің морфо-биологиялық ерекшеліктерін ескеру;
2. Жұмсақ бидайдың паразит зиянкестерімен күресудің биологиялық тиімділігін анықтап қысқаша әдістемелік нұсқау ұсыну;
3. Жұмсақ бидайдың ботаникалық, морфологиялық, биологиялық сипаттамаларына талдау жасау. Жұмсақ бидайдың паразит зиянкестерінің түрлерін анықтау және олармен күресу шараларын талдау

Жұмсақ бидайдың систематикасы

Астық тұқымдасының бидай туысына жататын, биіктігі 50-180 см-ге жететін бір жылдық шөптесін өсімдік. Отаны-Кавказ, таяу Азия. Жаздық жұмсақ бидай-салқынға айтарлықтай төзімді дақыл. Тұқымдары +1-2С жылылықта өне бастайды. Тіршілікке қабілетті егін көгі +4-5С пайда болады. Жұмсақ бидайдың егін көгі қысқа мерзімді -10С дейінгі аязды көтереді, бірақ гүлдену және дәнінің нандану кезеңдерінде -1-2С бозқыраудан жарақаттанады.



Жұмсақ бидайда екі тамыр түрі кездеседі: біріншісі-бидай өсе бастаған кезде пайда болады.Екіншісі-бидай сабағының топырақ бетімен деңгейлес жеріндегі түйіншеден тарамдалған қосалқы тамырлар.Тамыр жүйесі-**шашақты**. Сабағы-іші қуыс,паренхима жасушаларымен толтырылған түтік болып келеді,буындар мен буынаралықтардан тұрады.Жапырақтары-таспа тәрізді,жәй, қынап арқылы біреуден кезектесіп орналасады.Бұтақтану түрлері- тамырсабақты.Гүлдің құрылысы-гүлдері ұсақ,редукцияға ұшыраған.Желмен тозаңдануға бейімделген.Жемісі-**дәнек**. Бидайдың гүл шоғыры-**масақ**.Бидайдың дәні майда.Дәнінің пішіні сопақ немесе элипс тәрізді.



Жұмсақ бидай. 1, 2 - өну және масақтану кезеңіндегі өсімдік; 3 - масақ; 4 - масақша; 5 - дән; 6 - өсімдік сабағы мен жапырағының қосылған жері; 7, 8, 9, 10 - өскін, масақ, дәні.

Жұмсақ бидайдың паразит зиянкестері

Бидай дақылына жиырма төрттен астам отряд өкілдері зиянкестері зиян келтіреді. оның ішінде: **Жартылай қатты қанаттылар (Hemiptera) 18 түрі, Қатты қанаттылар (Coleoptera) 1 түрі, Қосқанаттылар (Diptera) 5 түрі.**

Бидай трипсі- Шашақ қанаттылар отрядына жататын ұсақ жәндік. Ұзындығы-1,5-2 мм, түсі қара.

Қанаттарының шетінен жіңішке шашақтар салбырап тұрады. Личинкасы қызыл түсті.

Бидай трипсі ересек және личинка күйінде де зиянкестік әрекет жасай алады.

Ересек трипсілер үшкір тұмсығымен масақша қауызының ең жоғарғы жапырақ түтікшесінен, керегесін тесіп жарақаттайды да мүшелердің шырынын сорады. Осының нәтижесінде масақ қисық өсіп, өз пішінін жоғалтады және оның ұшындағы масақшалар қурап қалады.

Личинкалар толып келе жатқан бидайдың дәндерін сорып, салмағын кемітеді. Личинкалар сорып зақымдалған жерлерінде әжім басқан қоңыр дақтар пайда



Дәннің сұр көбелегі-түн көбелектер тұқымдасы, қабыршақ қанаттылар отряды.

Алғы қанаттарының түсі қоңыр реңді аралас сұр, артқы қанаттары сұр немесе ақшыл сұр болады. Ұзындығы-25-35мм. Төменгі жастағы жұлдызқұрттар дәннің ішінде қоректеніп, қабығын қалдырады. Төрт жастан бастап ашық қоректенеді. Қоректену барысында дәндерді сыртынан кеміріп тастайды.




Астық қоңыздары-

тақтамұраттылар тұқымдасы,
қоңыздар отряды.

Қанаттары қызыл күңгірт,кеудеге
қарай төрт бұрышты дақ болады.
Ұзындығы-12-15мм.

Жұмсақ бидайдың өңбеген
дәндерімен қоректенеді.Масаққа
көтерілгенде қоңыздар артқы
аяқтары мен қатты дәнді ұшырып
түсіреді.



Астықтың жолақ бүргесі-
қатты қанаттылар отряды,
жапырақ жемірлері
тұқымдасы.

Ұсақ қоңыздар, дене
ұзындығы-2мм –дей, қара
түсті, үстіңгі қанаттарында
сары созылмалы жолақтары
бар, артқы аяғы секіргіш.
Жапырық паренхимасын
кеміріп қоректенеді, осының
нәтижесінде ол жапырақ кеуіп
қалады. Жапырақ беті 25-30%
артық зақымданса, өнім
шығыны елеулі болады.



Гессен шыбыны-ұзындығы 1,5-2 мм дейін, дене пішіні масаға ұқсас. Қанаттары сұр, екі қызыл жарғағы бар, ол дәл ортасынан екі айырылып тұрады. Жас өркен мен жапырақтың шырындарын сорады, кейін ол солып қалады.

